

Оқу үрдісінде қатысушыларға арналған бірыңғай ережелер

1. № 2 өнер мектебі толық күн режимінде 6 күн жұмыс жасайды.
 2. Мектептің жұмыс және демалыс қызметі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына (8 – қосымша), ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 4 ақпандағы № 56 бұйрығына, Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Орта білім беру ұйымдарында оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы бұйрығына сәйкес жүргізіледі.
 3. Сыныптардағы оқу үрдісі 1 қыркүйектен - 25 мамырға дейін мектептің оқу ісі орынбасары құрастырған сабақ кестесі бойынша жүргізіледі. Сабақ кестесі мектеп директорының келісімен бекітіледі.
 4. Сабақтың ұзақтығы- 40 минут.
(Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 болып тіркелді. 8 қосымша, 2 тарау, 21 пункт)
 5. Оқу үрдісі кезінде бөтен адамдарға, ата-аналарға әкімшіліктің келісімінсіз мекемеге, сабаққа кіруге рұқсат етілмейді.
- Мектептің оқу-тәрбие процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау және оқушылар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қорғау мақсатында мектептің вахтасында барлық келушілерге тіркеу жүргізіледі.